

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫҢ!

АРШАЛЫ АЙНАСЫ



№12 (439)
20 НАУРЫЗ,
2014 ЖЫЛ, ЖҰМА

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

НАУРЫЗ БАТАСЫ

Халқымды даласымен
сақтасын,
Елімді данасымен
сақтасын.
Азаматты санасымен
сақтасын,
Сәбиді анасымен
сақтасын.
Аяқ астынан кезігер,
Бәле-жаланың
бәрінен сақтасын!



ҚҰРМЕТТІ АРШАЛЫЛЫҚТАР!

Көктемнен келіп жеткен Әз Наурыз
мерекесі құтты болсын!

Әрбір шаңыраққа ырысы мен берекесін, ырзығы мен шапағатын алып келсін. Көктемнің нұры, жаздың жайдары күні, күздің қамба толы алтын астығымен астасып, алдағы қысымыздан қысылмай өтетіндей жағдай болсын. Қой жылына тұспа – тұс келген мерейлі мерекелерімізді баршаңыз бірге жұмыла жүріп ұйымдастырып, абыроймен өткізейік. Аршалының абыройы асқақтап, Астана іргесіндегі үздік аудан болып, өміріміз жайнасын. Кәсібіміз несібелі, ісіміз нақты, мақсатымыз анық болып, еліміздің даму жолындағы бірлігіміз мықты болсын. Наурыз баршаңызға бақ дарытып, ақ мол болсын!

Ж. НҮРКЕНОВ,
Аршалы ауданының әкімі.

Болашақ жастарға аманат

НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ

Жыл айналып Наурыздың да тойы жетті ағайын. Қой жылы жайлы болатынына, мамыражай тірлік болатынына сенім артқан халқымыз жезінде қашан да жақсылықтың нышаны, жылудың нұры орын алмай. Әрбір күннен мол береке күтетін, әрбір жақсылықты молшылық пен берекенің бастауы деп тілейтін көңілдері кең, жүректері жұмсақ, қолдары ісмер, сөздері даналыққа толы халқымыз қашан да той десе дастархандары тартылмаған, сыбағалары сарқылмаған. Міне, Әз Наурызды да қарсы алуға құлшына кірісіп жатыр.

Бұйлығы Наурыздың басы көптеген жаңалықтың жаршысы болып отыр. Сәуір айы Президент сайлауы, одан кейін Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ата Заңымыздың қабылданғанына 20 жыл. Мерейлі, маңызды күндерге толы жылымыз қуанышты сәттермен көз ілеспес жылдамдықта өтіп жатқаны да ақиқат. Көш керуенінен кеш қалмай, жаңалықтың ортасында жүргеніміз абзал. Жастарға жасалынып жатқан қолдауларды жас толқын жүзеге асырып жатқаны да елімізде жас ұрпақтың жауапкершілікке ұмтылғанының белгісі. Білім алып, кәсіби біліктіліктерін өрбітіп жатқан қаншама жас маман қазіргі таңда мықты толқынды құрап келеді. Елбасының «Біз жастарға сенеміз.

Бұл мемлекеттің тұғырлы болуында жастардың үлесі зор болмақ» дегеніне орай әр жерде жастардың белсенділігі артауда. Осы тұста Аршалы ауданының жастарының да жетістіктері мол екенін мақтана жеткізгім келеді. Аға буынның көрсеткен өнегелі істерін жалғап, айтқан ақыл-кеңестеріне мойын бұрған жастарымыз ертенгі сенеріміз де мемлекетіміздің болашағы.

Баршаңызды Наурыз мерекесімен құттықтаймыз. Өнеріміз үстем, еңсеміз биік, талабымыз зор, ақылымыз мол болсын! Қарттарымыз ортамызда қуанып, орта буын жас толқынға үлгі боп, жастарымыз жауаптылық ұранын биік ұстап, біртұтас егемен елдің бақытты шаңырағының астында жетістіктерге жете берейік.

Мемлекет басшысының төрағалығымен «Нұр Отан» партиясының XVI съезі өтті

Партияның кезекті съезінің жұмысына 2000-ге жуық адам қатысты. Олардың қатарында өңірлік конференцияларда сайланған 1200-ден астам делегат, Парламент депутаттары, мемлекеттік басқару органдарының, ұлттық холдингтер мен компаниялардың басшылары, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның, дипломатиялық корпусының, халықаралық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар.

Съезд делегаттары «Нұр Отан» партиясынан Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасын Қазақстан Республикасының Президенттігіне ұсыну туралы қаулы қабылдады.

Сонымен қатар, партия Саяси кеңесінің және Орталық тексеру-бақылау комиссиясының есепті кезеңдегі жұмыстарының қорытындылары қаралды, сондай-ақ олардың мүшелері сайланды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде қалыптасқан жағдайларға байланысты ел алдында тұрған жаңа

міндеттерді атап көрсетті.

– Біріншіден, мемлекеттік құрылысқа сыртқы ықпалдардың теріс әсер етуіне жол бермеу керек. Екіншіден, даму қарқынын сақтау қажет. Үшіншіден, әрі қарай өсуге қажетті жағдай жасау керек. Төртіншіден, әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қарай ілгерілеуді жалғастыру қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Осыған байланысты Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетімізге төнген жаһандық сын-қатерлерге өзгеше және қуатты тойтарыс беру керектігін атай отырып, бес институционалдық реформа ұсынды.

Олар – заманауи, кәсіби және автономды мемлекеттік аппарат қалыптастыру; заң үстемдігін қамтамасыз ету; индустриаландыру және әртараптандыруды негіз еткен экономикалық өсім; біртұтас болашақтың ұлты; сондай-ақ транспарентті және есеп беретін мемлекет.

(Соңы 2 бетте)

ЕЛБАСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ӨТКЕН «ЕЛІМНІҢ ТАҒДЫРЫ – МЕНІҢ ТАҒДЫРЫМ» ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Форумға қатысушыларға сөз арнаған Мемлекет басшысы шараның Ақмола облысында өтуінің символдық мәні бар екеніне тоқталды.

– Мұнда жүзден астам этностың өкілдері татулық пен келісімде өмір сүріп жатыр. Республикамыздағы қоғамдық келісім кеңестерінің ең көбі осы облыста

жұмыс істейді, олардың саны – 266. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы аясында Ақмола облысында 500-ге жуық іс-шара өткізіледі. Облыс

Ассамблеясының активі бес мың адамды құрайды, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынына да тоқталды.

(Соңы 2 бетте)

Ж. Тәшеневтің туғанына – 100 жыл толды

ДОСТЫҚТЫҢ КІЛТІ КӨҢІЛДЕ

Құрметті оқырман. Сіздер газет бетінен Жібек жолы ауылының тұрғыны, ұлағатты ұстаз, әулеттің ақылшысы мен ұйытқысы, ең бастысы өміріндегі ұрпаққа қалсын деп есептеген тарихи мағлұматтарды қат-қаттап жинап, қағазға түсіріп, оқырманға ұсынып жүрген Ақшинева Гүлфия туралы білесіздер. Бүгінгі наурыз мерекесіне орай шығарылып отырған газеттің түрлі-түсті болуына ықпал етіп, отбасылық қолдау жасатып отырған аяулы анаға ризамыз.

Ата-баба қоныстанған,
Жер қойнауы тым ыстық,
Қалдырмайық иесіз деп,
Жеңді түре кірістік.

Жабай Тұрсынханұлы Ақшинева 1998 жылдан бастап шаруа қожалығымен айналысуда. Жібек жолы ауылынан 5-6 шақырым жердегі Қарасу атанған жерді игеріп, астық егіп жылда тұрақты бір көрсеткішпен алға жылжып келеді. Жердің құнарлығы жақсы болмаса да кезінде ата-бабасының мекен етіп, жылқы ұстап, сонау Ерейментауға дейін жайылып жүретін үйір-үйір жылқыларының ізі қалған қасиетті



жердің берекесін қайтадан енгізейін деген арманын іске асыру үшін ісін жалғап отыр. Осы уақытқа дейін жер жыртып,

тыңайтқыш салып, жақсы тұқыммен қамтып, жер құдіретін сезінетін отбасы, ағайындарымен бірге және ауылдастарынан шыққан үш механизатор жұмысшыларымен 460 гектар жерді игеріп келген еді. Шаруашылығында 2 комбайн, үш табанды трактор, екі МТЗ тракторы бар. Енді Елбасының дамыған мемлекеттер қатарынан орын алуымыз үшін отандық өнімдерімізді сапалы да мол дайындауымыз қажет. Ол үшін әрбір кәсіпкер, шаруа қожалығы мал басын арттырып, ет, сүт өнімдерін молайта түссе жақсы болар еді дегенін ұрандай ұстап, сол жердегі 400 гектар жерге мал шаруашылығын жандандыруды қолға алды. Қазірдің өзінде 20 жылқы, 50 шакты қой көз қуантуда. Жайылымдық жердің басына арнайы үй тұрғызылды. Бұл малшылардың жайлы үйде тұрып, мал шаруашылығын жақсы жүргізулері үшін жасалынып отырған жағдай.

– Біздің тәуелсіз еліміздің жаһандық даму жолында ең бастысы отандық өнімдердің сапасы мықты болуы үшін де өнім өндірушілердің жағдайы жақсы болуы шарт екенін әрбір басшы біледі.

(Соңы 4 бетте)

ЖАУРЫЗ – ЛЕБІЗ



Құрметті ауылдастарым! Баршаңызды Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Қылышын сүйреткен қыстың қожалығы өтіп, күлімдеп келген көктемнің жылуынан нұр алған ауылымның асыл жандары, ауданымыздың құрметті тұрғындары баршаңызға жаңа жылымыз құт-береке әкелсін. Наурыз көжеңің дәмі, ыстық ықыласты лебіздер жастарыңызға жас қосып, берекеміз арта түссін. Жеріміз малға, қамбамыз астыққа толып, осындай мамыра жай заманымыз мәңгілік болсын. Өміріміз сәнді, ғұмырымыз ұзақ болсын. Қолдау болып отырған кәсібіміз өркендеп, егемен еліміздің көк туы көкте желбіреп, халқы бақытты ғұмыр кешсін. Әз Наурыз құт-береке әкелсін.

Ж. АҚШИНЕЕВ,
«Достық» шаруа қожалығының директоры.



Мемлекет басшысының төрағалығымен «Нұр Отан» партиясының XVI съезі өтті

(Соңы, Басы 1 бетте)

Қазақстан Президенті аталған реформалардың жиынтығы мемлекетті нығайту және оны әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосу үшін жағдай туғызатынына назар аударды.

– Бұл – «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асырудың жолы. Бес институционалды реформаның әрқайсысы – зор міндет және ел үшін орасан жұмыс. Мұндай реформаның табыстылығы билік пен халықтың табанды ерік-жігері арқылы ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Ұсынылған шаралар қоғамдық қатынастар жүйесін түбегейлі өзгертеді. Оларды жүргізу үшін мен Президент жанынан Жаңғырту жөніндегі Ұлттық комиссия құруды ұсынамын. Ол бүкіл реформалар кешенінің жүзеге асуын үйлестіретін болады. Осылайша, біздің алдағы жылдарға арналған негізгі міндетіміз – осы бес институционалды реформаны іске қосу және біртіндеп жүзеге асыру, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы сондай-ақ бірнеше күннің ішінде ел азаматтарынан, еңбек ұжымдарынан, білім мекемелерінен, қоғамдық бірлестіктерден кезектен тыс Президент сайлауына қолдау білдірген және одан өзінің кандидатурасының ұсынылуын өтінген көптеген хаттар мен хабарламалар алғанын айтты.

– Қазақстанның және қазақстандықтардың игілігі жолындағы менің еңбегіме берілген жоғары баға үшін барлығына көп рахмет айтам. Өз халқыңның мұндай сеніміне ие болудан артық марапат жоқ. Бүгін съезд мінберінен менің атыма жылы лебіздер айтқан баршаға шын жүрегімнен ризамын. Мен алдағы сайлауға «Нұр Отан» партиясынан президенттікке кандидат ретінде түсуге келісім беретінімді мәлімдеймін. Мен Сіздерді, серіктестерімді –

нұротандықтарды, барша қазақстандықтарды тағы да жұмылып, жеңіске жетуге шақырамын. Біздің ортақ рухани күш-қуатымыз бен биік мұратымыз – Мәңгілік Ел. Ол біздің ХХІ ғасырдағы дамуымызға прогресс қуатын дарытатын болады, – деді Қазақстан Президенті.

Съезде мемлекет және қоғам қайраткері К.Сағадиев, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, партияның Саяси кеңесінің мүшесі А.Башмаков, Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстандағы бөлімшесінің төрайымы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері А.Бақтыгереева, «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасы төрағасының орынбасары Р.Ошақбаев, «Тайынша Астық» ЖШС бас директоры А.Рафальский, Алматы облысы Іле ауданының М.Мақатаев атындағы орта мектебінің директоры Г.Нәдірбекова, «Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталығы» АҚ басқармасының төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Ю.Пя, «Сәтбаев Оперейтинг» ЖШС-ның бас геологы А.Дәулетов, Павлодар облысының ҚХА жастар бірлестіктерінің үйлестіру кеңесінің төрағасы Э.Паули, айтыскер ақын Б.Шойбеков сөз сөйледі.

Сөйлеушілер Қазақстанның Тәуелсіздік алуындағы, қалыптасуындағы және нығаюындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи рөлін атап өтті. Олар сондай-ақ еліміздің басты құндылықтарын – егемендікті, тұрақтылықты, бақ-берекені, дамуды және болашаққа ұмтылуды да Мемлекет басшысымен байланыстырды.

Елбасының сөйлеген сөзінің толық мәтінін мына жерден қараңыз.

ЕЛБАСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ӨТКЕН «ЕЛІМНІҢ ТАҒДЫРЫ – МЕНІҢ ТАҒДЫРЫМ» ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

(Соңы, Басы 1 бетте)

– Өңірдегі ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемі үш жылда екі есе ұлғайды. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы табысты жүзеге асуда. Тек былтырдың өзінде 10 жаңа жоба іске қосылды, 17 миллиард теңге игерілді. Индустрияландыру картасынан биыл тағы 25 жобаны іске қосу жоспарлануда. Оларда 2000 жаңа жұмыс орны құрылатын болады. Кәсіпкерлік дамып келеді, облыста сомасы 250 миллиард теңгеден астам өнім шығарған 53 мың шағын және орта бизнес кәсіпорындары жұмыс істейді. Мемлекет аграрлық секторға көрсетілген қолдаудың қайтарымы болады деп үміттенеді. Облыстың балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту деңгейінің көрсеткіші де жоғары – шамамен 90%. Биыл тағы 4 балабақша және 7 мектеп салынады. Денсаулық сақтау саласында 11 жаңа нысан салу жоспарлануда, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті елімізде дағдарыс құбылыстарына қарсы тұруға қажетті барлық мүмкіндіктер бар екеніне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы «Нұр Отан» партиясының таяуда өткен XVI съезінде жарияланған,

республиканы дамытуға арналған халықтық бес реформа туралы атап өтті. Бұл реформалар – кәсіби және автономды мемлекеттік аппарат қалыптастыру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және әртараптандыруға негізделген экономикалық өсім, болашағы біртұтас ұлт, транспарентті және есеп беруші мемлекет.

Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, мемлекеттің басты міндеті – еңбек адамының жұмысы мен тұрақты табысы, баспанасы, болашаққа деген сенімінің болуын қамтамасыз ету.

– Бес реформа – бұл елге, қарапайым азаматтарға керек нәрсе. Біз индустрияландыруды жалғастырамыз, еңбек өнімділігін арттырамыз. Мемлекет шағын және орта бизнеске, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге көмектесетін болады. Бүгінде пәрменді әлеуметтік саясат жүргізілуде. Біз жастарға, зейнеткерлерге, сондай-ақ мемлекет қолдауына мұқтаж жандардың бәріне қамқорлық жасап отырмыз. Бұдан әрі де мектептер мен ауруханалар, өзге де әлеуметтік нысандарды салатын боламыз, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев алға қойылған мақсаттарға жету үшін

елге Қазақстан халқы Ассамблеясы идеяларына адалдықты, тұрақтылықты, достықты және бақ-берекені сақтау қажет екенін атап өтті.

Іс-шараға жиналған жастар өкілдеріне сөз арнаған Мемлекет басшысы Қазақстанда жан-жақты жетілу және сапалы білім алу үшін барлық жағдай жасалғанын айтты.

– Сіздерге қазір қалған бүкіл өмірлеріңізге қажетті білім жинауға мүмкіндік беріліп отыр. Бос өткен уақытты қайтарып алу мүмкін емес, оны дұрыс пайдалану білу маңызды. Сіздерді Отанымызды сүйуге және оған қалтқысыз қызмет етуге шақырамын. Бұған сіздер жаксы оқу арқылы қол жеткізе аласыздар, ал ол сіздерге кәсіпқой маман болып, сый-құрметке бөленуге және өз отбасыларыңызды асырауға мүмкіндік береді, – деді Қазақстан Президенті.

Форум барысында сондай-ақ облыстың этномәдени орталықтарының өкілдері де сөз сөйлеп, елімізде өмір сүріп жатқан барлық этнос өкілдерін біріктірген бірегей қоғамдық институт ретіндегі Қазықасқан халқы Ассамблеясының маңызына тоқталды.

АСТАНА ЖАҢА ЖҰЛДЫЗДАРДЫҢ БАҒЫН АШАДЫ!

Биыл Ұлттық музыкалық «Аялаған Астана-2015» телевизиялық балалар байқауы кезекті жұмысын бастайды! Аталмыш жоба Қазақстанның түкпір-түкпірінен келетін ең талантты жасөспірімдердің басын қосатын әрі еліміздің жаңа жұлдыздарының есімін анықтайтын балалар байқауы. Доданың алаға қойған негізгі мақсаты – өнерлілердің өрісін кеңейтіп, жол көрсету, таланттылардың тасыда, шалғай ауылдарда қалып қоймай елімізге танымал әнші болуына қол ұшын созу.

Байқауға 8 бен 12 жас аралығындағы өнерлі балалар қатыса алады. «Аялаған Астана» жас поп-орындаушылардың додасы ІІІ кезеңнен тұрады: іріктеу кезеңі, жартылай финал, финал. Іріктеу кезеңіне қатысу үшін қатысушылар өтініштерін тапсырулары керек. Наурыз-сәуір айларында республика бойынша облыс орталықтары, Астана мен Алматы қалаларында байқауға қатысушыларды іріктеу кезеңі өтеді. Жас таланттарды олардың сүйікті әншілері, яғни, қазақстандық танымал әншілер тандайды. Еліміздің түрлі облыстарынан келіп, бірінші кезеңнен өткендер келесі кезеңге жолдама алады. Жартылай финал Астана қаласында 8-маусым мен 3-шілде аралығында болады. Дода соңында финалға қатысатын өнерпаздардың есімі анықталады.

Байқаудың соңғы кезеңі Астана күні қарсаңында 4-6 шілде



күндері өтеді. Үш күнге жалғасқан өнер додасының соңында әділқазы мүшелері және SMS дауыс беру арқылы Жеңімпазды анықтайды.

Қатысушылардың өнеріне бағаны нағыз өнер майталмандары беретін болады.

Атап айтқанда, «Аялаған Астана» байқауын шын мәніндегі ауқымды кең жоба болмақ. Өйткені, оған үлкен-үлкен қалалардан ғана емес, аудан орталықтары мен кішкентай ауыл-аймақтардан да өнерлі жастар қатыса алады. Ұйымдастырушылар кез келген ерекше дауыс иесінің үлкен сахнаға шығуына, нағыз таланттылардың елге танылуына мүмкіндік беруді бірінші орынға қояды.

«Өнерлі адам өрге жүзеді». Дәл осы сөз байқауға қатысушыларының негізгі ұстанымы болмақ. Үлкен ауқымдағы мұндай байқаулар «күзден жүйрік, мынанан түлпар» балаларды анықтауға, қатысушылардың талантын шыншай түсуге көмектесері анық. Әрі бұл өнер додасы үлкен тәжірибе мектебі болмақ.

Байқау ұйымдастырушылары: «Нұр Отан» ХДП партиясы, Астана қаласының әкімшілігі, «Қазақстан» РТРК АҚ және «Тандау» компаниясы.

Байқау туралы толық ақпаратты www.aastan2015.kz сайтынан алуға болады. Сонымен қатар, баспасөз қызметіне хабарласуға болады: ayalagan.astana@gmail.com, 8-701-360-66-63, 8-727-354-06-07.

Мисс колледж–2015

КӨКТЕМГІ КЕРЕМЕТ



№4 Агротехникалық колледжде жылда көктеммен бірге сұлулық пен әдемілік сайысын өткізу дәстүрге айналды. «Мисс колледж – 2015» атағын алу үшін әдемі де сұлу, өнерлі де тапқыр аруларымыз дайындықтарын жасап, бір-бірінен асып түсіп жатты. Биылғы жыл да қызықты өтті. 5 бойжеткен қатысты. Әділ қазылар мүшесінде «Аршалы ауданының жастар ресурстық орталығы» МКК бухгалтері Бибигүл Сәкенова, №2 Аршалы орта мектебінің әскери даярлық пәнінің ұстазы Ерлан Накипбеков және №4 Агротехникалық колледжінің коменданты Надежда Лазарева болды.

6 сайысты да жақсы өткерген қыздардың ішінен іріктеліп «Мисс колледж-2015» атағына Ольга Лисицкая ие болды. Дипломмен және «Аршалы ауданының жастар ресурстық орталығы» МКК даярлаған сыйлық табысталды. Шара соны дөңгеленіп билеген әсем ырғаққа ұласып, барлығы да бидің көрігін қыздырды.

А. УТЕЕВА.

Ж. Тәшеневке арналған

ДӘУІР ДАРАБОЗЫ

СӨЗІН ЖАЗҒАН

Отарбаев Қанат Жариясұлы Құрмет орденінің иегері, Қарағанды облысы, Нұра аудандық мәслихатының депутаты, Ізгенді ауылында орналасқан "ОтҚайҚар" ЖШС-нің директоры.

ӘНІН ЖАЗҒАН

Шахарбаев Амангелді Базарбайұлы, 2006 жылғы облыстық "Жас Қанат" конкурсының бас жүлдегері, 2007 жылғы жастар "Қайнар" сыйлығының иегері.



Бес ғасыр бұрын ениілеп,
Бабалар алған кең жерді
Бет қаратпас билік кеп
Бестен бірін бер деді.
Атамекен – кең өлке,
Түсті талас тарсықа
Қоспақ болды Ресейге,
Күресуге қол қысқа.
Жер сатпаған қазақтың,
Жер шұқыды жанары.
Отына күйіп мазақтың
Тарқағандай базары.
Қабыланның жүрегін,
Жерік қылған анасы.
Түрініп шықты білегін,
Қазақтың бір баласы.

Қайырмасы
Басын тіккен қатерге
Қыямат оған ар-намыс
Мансапты байлап белдеуге
Еліне қылды қолғабыс.
Ұлтын сүйген өлердей,
Қазанат шықты торыдан.
Ұлтарактай жер бермей
Қазақтың жерін қорыған.
Кісендеулі жолбарыс,
Қыямат оған ар намыс

Озып шықты ортадан,
Орда бұзып отызда.
Қара үзіп қатардан
Қамал алды қырықанда.
Айтқан сөзі аластан,
Суарылған намысқа.
Шауыжайына жармасқан,
Қорқақты тықты қамысқа
Қонған бақты басына
Мансұқ қылып елі үшін.
Астындағы тақты да,



Құрбан етті жері үшін.
Біртуар, қайсар азамат,
Тартқан күрес азабын.
Ерлік ісің аманат
Қарыздар саған қазағың.

АЛАШТЫҢ БАТЫРЫ

Тоталитар қоғамның дәуірінде,
Жауыздан да зор болды генсек мінбе.
Бас асауы қырсықтың болды жалы,
Дес бермейді, айналдырды күнді-түнге.
Өз жерінде өзі кірме болған қазақ.
Айырылып құнары жерден көрген азап,
Бөлініп алты облыс тоз-тоз болса,
Бұл зұлым саясаттың түбі тозақ.
Аумақтың өзгерістің болуына,
Халқымынның санын торға иолуына,
Жер мен су байлығын да

болды алмақты,

Шыда деп сұм Ресейдің қорлығына.
Шап ал десе бас алар ұлықтарға,
Қарсы тұрар алып құи,

шындық бар ма?

«Қайдасын?» деп
ата бабам шақырғандай,
Тарих кез, сын болды намыс – арға.
Мен қазақтың баласы тегім ұлы,
Жастайымнан болғанмын халқым құлы.
Ата-бабам жолдаған аманатты-
Жайма шуақ, ұлан-ғайыр жер жәннәті.
Қара жерге ата-бабам сіңген қаны,

Мәңгілік түнелікте жатқан жаны.
Бермеймін бөлшектеуге туған жерді,
Қалайша көндірерсің қалың елді.
Деді де қасқайып тұрып алабы.
Тыңдаған алтауыттар аң-тап қалды.
Қазақтың жүрек жұтқан батыры екен,
Генсекке қарсы болған батыл неткен!
Дегендер басын иіп үндемеді,
Бар болды көзі аларым күндегені.
Шындықтың соры қайнап, күйзелуде,
Жақсылық аш құрсақтай күйсе еңуде.
Ерлігі Жұмабектің қалды үнісіз,
Көп жылдары еске алмай күйсіз-мінсіз.
Қазақтың бел перзенті елін сүйген,
Жері үшін, байлығы үшін жанын түйген.
Жұмсаған халқы үшін құи-жәгерін,
Ел мүддесін пір тұтқан кемеңгерім.
Жүмекең – ар – намысты азаматым,
Шыңына Ахатдудың көтерді

қазақ атын,
Асқақтатты абыройын қазағымның,
Бәйтеректей іліммен қазақ ұлтын.

Т. ЖІПЕНБАЕВ.
Жалтырқол ауылы.

Ж. Тәшеневтің туғанына – 100 жыл толды**ҰРПАҚТАРЫ ҰЛЫҚТАУҒА ЛАЙЫҚ ТҰЛҒА**

20 наурыз 2015 жылы Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің туғанына 100 жыл толды. Ол – елі мен жерінің қамалы, қорғанындай болып Кеңес одағының әміріміз-әкіміміз билігіне қарсы тұрған қаһарман еді. Қазіргі таңдағыдай еліміздің тәуелсіз, халқымыздың бейбіт заманда күн кеңіруі-оның арманы болатын. Сол арманының орындалуын көре алмай кетті...

Жұмабек Тәшенев елдің халықтың жоғын жоқтап, сол үшін тоталитарлық жүйеге жақпай қуғын-сүргінге түскен алаштың біртуар ұлы, мақтанышы.

Жұмабек Ахметұлы халқына адал, елігілігі жолында асқан жауапкершілікпен еңбек еткен қайраткер тұлға болатын. Қазақтың тарихи сахнасында әр кезеңде ақылды, ойлы, ұлт мүддесін ойлаған азаматтар туылып отырған. Сондай өз заманына лайық туған, елім, жерім деп өмір сүрген, халқына жақсылық жасаудан жанын аямаған дара тұлғаны қандай сөзбен әспеттесек те жарасымды. Ол қандай мәселеге болсын әділдіктен қарап, белсеніп шығып, қызына сөйлеп, көзқарасын бағыл қорғайтын.

Жұмабек Ахметұлы ең үлкен дәрежедегі жинардарда өзі де пікірін ашық айтатын, өзгенің де жасқанбай сөйлеуін қалайтын. Өзінің қарақан басын, ағайын-туғандарын да ойламай, тек халықтың күйін күйттеп, жырын жырлап «халық үшін жан пид!» деп өткен асқақ рухты Жұмабек Ахметұлы Тәшенев сынды қазақтың озық ойлы азаматының тағдыры - тарих, ісі - өнеге.

Қазіргі таңда мектебімізде Жұмабек Ахметұлының 100 жылдығына орай айлық ұйымдастырылып, көптеген іс-шаралар өткізілуде.

Біздің № 3 Аршалы орта мектебіне ұлы тұлғаның атын беруге ұсыныс жасалынып, онамстикалық комиссияның қолдауына ие болды. Осыған байланысты мектебімізде мұражай да ашпақшымыз Қазіргі таңда

мұражайға материалдар жинақтау үстіндеміз.

Таяуда Астана қаласында ашылған Тәшенев көрмесінде болып, оның балаларымен танысып, оны көрген адамдармен жүздесіп, өмірі мен қызметінен мол мәлімет беретін құжаттар мен оның тұтыған заттарын көріп мол мағлұмат алып қайттық.

Мемлекет қайраткері, философия ғылымының докторы, профессор Сағындық Кенжебаев «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев сияқты абыл ағамыздың сырға толы өмірін, қиын қыстау жағдайдағы айнымас арнамысын аңызға айналдыру кейінгі буынға аманат» деп өз естелігінде атап өткен болатын. Сол аманатты орындау біздің парызымыз. Жұмабек Ахметұлы – бүкіл қазақтың Тәшеневі болатындай, әрбір қазақ азаматы оның есімі мен ерлігін біліп, үлгі тұтатындай жағдайға жеткізу жолында біз-жастар өз үлесімді қосқымыз келеді.

Елбасы Н.Назарбаев: “Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз” деген болатын. Ендеше Тәшеневті тануы біздің парызымыз. Жұмабек Ахметұлының ерлігін үлгі тұттып өскен жастармен бірге біздің тәуелсіздік тұғырымыз биік болады деп сеніммен айта аламыз!

М. МҰРАТОВА,
№3 Аршалы орта мектебінің тарих
пәнінің ұстазы.

Ақмола облысы Аршалы ауданының учаскелік сайлау комиссиялары құрамдарына өзгерістер енгізу туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлаулар туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 8 бабы, 19 бабы 1,3 тармақтарына сәйкес, Аршалы аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2015 жылғы 12 наурыздағы № 4/2 қаулысымен № 163 учаскелік сайлау комиссиясы құрамына өзгеріс енгізілген:

Комиссия құрамынан Түгелбаев Бекет Серікпайұлы, Хишина Гүлнар Бауыржанқызы, Тілеуқенова Анна Николаевна шығарылсын,

Комиссия құрамына Матрешина Наталья Николаевна, Ғабдуллин Асылбек Айтқожаұлы, Оспанова Гайнел Токтағұлқызы кіргізілсін.

№135 учаскелік сайлау комиссиясының

құрамы туралы хабарлама аумақтық комиссияның көрсетілген мүшелерін салыстырып тексеру кезінде жіберілген қателіктердің анықталуына байланысты, жариялау кезінде жаңа редакцияда оқылсын:

«Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрайымы – Жүсіпова Маржан Болатқызы; төрайымның орынбасары – Нұрғалиева Назгул Құснетдинқызы; хатшысы – Нұрмағамбетова Қайша Кабайқызы; комиссия мүшелері – Тұраббетова Айман Маханайқызы, Қозғанбаева Гүлнар Айтжанқызы, Қалиева Гүлнар Мұқажанқызы, Жұмабекова Айсұлу Шаймұханқызы».

Аршалы аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Ескертеміз**АБАЙЛАҒЫЗ СУ ТАСҚЫНЫ**

Ауызсу халықтың тіршілігі үшін ажырамас элемент болып табылады. Адамдардың денсаулық жағдайы және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы оның сапасы мен санына байланысты.

Су тасқынының басталуы және қар жамылғысының күрт еруі аудандағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың асқынуына алып баруы мүмкін. Су тасқыны кезінде су жолымен берілетін жұқпалардың бүрк ете қалуына жол бермеу үшін Аршалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы Сіздерге мыналарды ұсынады:

• ішу және ас дайындау үшін тек бөтелкелендірілген немесе қайнатылған суды тұтыныңыздар;

• су ағатын колонкідерден шланға және басқа да қосалқы құрылғылар арқылы су алмаңыздар

• су ағатын колонкідердің жанында мал мен үй құстарын суармаңыздар, көлік жумаңыздар.

Осы қарапайым ережелер арқылы Сіз, туысқандарыңыз бен жақындарыңыздың денсаулықтарын сақтап қала аласыз.

Аршалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы.

Назарыңызда болсын**Балаларыңызды фаст-фудтан сақтаңыздар!**

Құрметті ата-аналар, Сіздер балаларыңыздың жеп жүргені не екенін ойладыңыздар ма? Балаларыңызды демалыс күндері фаст-фуд (жылдам тамақ) алып береміз деп қуантқандай боласыздар. Нәтижесінде балалар бұл тамақты бір жақсы әрі қызықты екен деп ойлай бастайды.

Фаст-фуд несімен зиян?

Фаст-фуд үшін шикізат ретінде пайдаланылатын түрлі азық-түліктер құрамына және технологиямен дайындалу үдерісіне қарай адам ағзасына сол не басқа дәрежеде зиян тигізеді. Түрлі консерванттарды, бояғыштарды, хош иістендіргіштерді, дәм күшейткіштерді, қанттың не тұздың жоғары мөлшерін, жоғары сұрыпты ұннан жасалған борпылдақ бос тоқаштарды пайдалану, қуыру кезінде майды көбірек пайдалану міне, осылардың барлығы фаст-фудтың өсіп келе жатқан ағзаға зиянды әсер беретінін анықтатады.

Балаларға фаст-фудты жетізудің шегі қандай?

Ең дұрысы, фаст-фудты тамақ рационнан алып тастаған жөн. Фаст-фудты және оның құрамындағы шикізаттарды дайындау технологиясы ерекше болғандықтан, денсаулыққа зиянды болып табылады. Тез тамақтанатын мейрамханаларда тамаққа дәм күшейткіш деп аталатын натрий глютаматын аямай қосады. Оны көбінесе «қытай тұздығы» деп атайды. Ол кез-келген тамақты дәмді етеді, сондықтан да оны бәрі қосқысы келеді. Балалар фаст-фудты бір жегеннен кейін оны үнемі сұрай беретін болады.

Балаларда фаст-фудқа деген селкостықты қалайша қалыптастыруға болады?

Гамбургер, чипс, фри картобы, тұздалатын қытырлақ(оны «кириешкі» деп атау кең таралған) және басқа да тамақ индустриясы өнімдері мүлдем балалардың тамағы емес. Бұл жалпыға белгілі жайт. Ал, біздің шынайы өмірде балалар қарсы бағытты ұстананды. Баланың тамаққа деген талғамы отбасында қалыптасады, яғни нақ ата-анасы оған үлгі болады. Бірінші кезекте фаст-фудтың зиянын ата-аналар өздері толығымен әрі шын жүректен түсінуі тиіс. Егер бала фаст-фудты жақсы көріп қалса, онда оны одан шығару қиына соғуы мүмкін, бірақ мысал келтіру және түсіндіріп айту нәтижесін береді.

Көптеген алдамшы фаст-фудтардан гөрі, отбасында асқа жиналғанда дастарханды пайдалы әрі дәмді тамақпен толығып, тағу-тәтті отырып тамақ ішу баланы дұрыс тамақтануға елтіреді. Тағамдарыңыз түрлі-түсті, әртүрлі көкөністерге, шөптер мен жемістерге толы болсын.

Балаларымыздың денсаулығын аялаңыздар! Дұрыс тамақтану – қазіргі заманғы өмір стилі.

А. СИДОРЕНКО,
Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі Аршалы аудандық басқармасының бас маманы.

**Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 23 – 29 наурызға дейінгі бағдарламасы****«Қазақстан-Көкшетау»**

23 НАУРЫЗ, ДҮЙСЕНБІ
07.55 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 18 бөлім
08.30 «Наше утро».Утренняя познавательная программа
09.00 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
09.30 М/ф «Щенячий патруль». 29,30 серия
10.00 «Наше утро».Утренняя познавательная программа
10.35 «Актальная тема». Передача
11.05 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
11.15 «Елі бірін – тілі бір». Хабар
11.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
11.30 «Кош келдің, Наурыз!». Концерт
12.50 М/ф «Финес пен Ферб» 33,34 сериі
13.30 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
13.50 «Данышпан қарға». 25 серия
16.50 Аңдатпа
16.55 «Ел межесі-2050». Тележурнал
17.00 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
17.25 «Данышпан қарға». 26 серия
17.30 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
17.40 Т/с «Маруся. Испытание». 59 серия
18.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.00 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
19.30 «Салауат». Хабар
19.40 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
19.50 «Көктем шуағы».
20.15 «Пәрменді пікір». Хабар
20.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.30 «Көктем шуағы».
22.00 К/ф «Шал».
23.45 «Әндер мен жылдар». Концерт 1 бөлім
01.45 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

24 НАУРЫЗ, СЕЙСЕНБІ
07.55 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 19 бөлім
08.30 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
09.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
10.00 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
10.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
11.00 Х/ф «Поздняя весна Астаны»
13.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
16.50 Аңдатпа
16.55 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
17.05 М/ф «Финес пен Ферб» 36 серия
17.30 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
17.40 Т/с «Маруся. Испытание». 60 серия
18.30 «Актальная тема». Прямой эфир
19.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
20.00 «Наша служба...». Передача
20.15 «Әндер мен жылдар». Концерт 2 бөлім
22.05 К/ф «Саған күшік керек пе?»
23.05 Х/ф «Как скажешь»
01.00 Т/с «Маруся. Испытание». 60 серия
01.45 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

25 НАУРЫЗ, СӘРСЕНБІ
07.55 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 20 бөлім
08.30 «Наше утро».Утренняя познавательная программа
09.00 «Кеңдерек». Мерекелік репортаж
09.30 М/ф «Щенячий патруль». 29,30 сериі
10.00 «Наше утро».Утренняя познавательная программа
10.35 «Актальная тема». Передача
11.00 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
11.10 «Наша служба...». Передача
11.20 «Ел межесі-2050». Тележурнал
11.30 Д/ф «Өнегелі ойын. Үздік стадион-дар» 3 бөлім
12.00 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-ай. 2 сезон. 20 бөлім»
12.30 Т/х «Тәуекел» 5 бөлім
13.20 «Данышпан қарға». 27 серия

13.30 «Аймақ ақпарат». Ақпараттық топтама
16.50 Аңдатпа
16.55 «Ел межесі-2050». Тележурнал
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.25 «Данышпан қарға». 28 серия
17.30 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
17.40 Т/с «Маруся. Испытание». 61 серия
18.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
18.30 «Имею право». Прямой эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Business Idea». Передача
19.40 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
19.50 Д/ф «Өнегелі ойын. Үздік стадион-дар» 4 бөлім
20.15 «Экспертное мнение». Передача
20.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.30 Т/х «Тәуекел» 6 бөлім
21.20 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Д/ф «Шәкен Айманов - человек и легенда»
23.20 «Ән керуен»
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.40 Д/с «Магия природы». 38 серия
01.00 Т/с «Маруся. Испытание». 61 серия
01.45 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

26 НАУРЫЗ, БЕЙСЕНБІ
07.55 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 21 бөлім
08.30 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 31 серия
10.00 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
10.35 «Имею право». Передача
11.00 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
11.10 «Business Idea». Передача
11.25 «Экспертное мнение». Передача
11.35 Д/ф «Өнегелі ойын. Үздік стадион-дар» 4 бөлім
12.00 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық.Әдемі-ай. 2 сезон. 21 бөлім»
12.30 Т/х «Тәуекел» 6 бөлім
13.20 «Данышпан қарға». 29 бөлім
13.30 «Аймақ ақпарат».
16.50 Аңдатпа
16.55 «Ел межесі-2050». Тележурнал
17.00 «Аймақ».
17.25 «Данышпан қарға». 30 бөлім
17.30 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
17.40 Т/с «Маруся. Испытание». 62 серия
18.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Media panagama». Передача
19.40 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
19.50 Д/ф «Өнегелі ойын. Үздік стадион-дар» 5 бөлім
20.15 «Ақмола KZ». Хабар
20.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.30 Т/х «Тәуекел» 7 бөлім
21.20 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 К/ф «Баяқт әкелген жаңа жыл»
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.40 Д/с «Магия природы». 39 серия
01.00 Т/с «Маруся. Испытание». 62 серия
01.45 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

27 НАУРЫЗ, ЖҰМА
07.55 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 22 бөлім
08.30 «Наше утро».Утренняя познавательная программа
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 32 серия
10.00 «Наше утро».Утренняя познавательная программа
10.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
11.00 «Кеңдерек». Кеңейтілген репортаж
11.10 «Media panagama». Передача
11.20 «Ел межесі-2050». Тележурнал
11.30 Д/ф «Өнегелі ойын. Үздік стадион-дар» 5 бөлім
12.00 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-ай. 2 сезон. 22 бөлім»
12.30 Т/х «Тәуекел» 7 бөлім

13.20 «Данышпан қарға». 30 бөлім
13.30 «Аймақ ақпарат».
16.50 Аңдатпа</



Сенің азаматың, Қазақстан!

Жібек жолы ауылының тұрғыны Жолмағамбетов Қабдуахит ақсақал 90 жаста

1925 жылдың 28 ақпанында Вишневка ауданы Қызыл әскер ауылдық кеңесі, Қарасу ауылында дүниеге келген. 1937 жылы Қойгелді жеті жылдық мектебінде 4-5 класты оқыған. Ақмола қаласындағы С.М.Киров мектебінде 7 сыныпты аяқтаған. Михайлов ауылында 1940-1941 жылдары тракторлық курсты оқып, Қарасу ауылында тракторист болып жұмыс жасаған. 1943 жылдың 28 ақпанында әскер қатарына алынып, Бурят Монголияда №91 қордағы – атқыштар полкінде әскери қызметін атқарған. Әскери қызметтен денсаулығы сыр беріп 1943 жылдың тамыз айында босатылған.

Елге оралған соң Күйгенжарда, Қызыләскер ауылдық кеңесінде хатшы болған. Новошиимкадағы зоот- ветеринарлық училищені бітіріп туған ауылында адал еңбек еткен. 1953 жылы неміс қызы Цын Мария Иосифовнамен бас қосып, қазіргі таңда 62 жыл отасқан асыл жандар ардақты ата, асыл әже. Ал қартымыз Қабдуахит 90 жасқа толды. Туған күн құтты болсын.



Тоқсанның озған төріне,
Қартыма тілер денсаулық.
Шаңырақ толсын күлкіге,
Жанына жылу боларлық.

Жібек жолы ауылдық округінің әкімі аппараты.

ДОСТЫҚТЫҢ КІЛТІ КӨҢІЛДЕ

(Соңы. Басы 1 бетте)

Бұл шаруа қожалығының қазіргі таңда қызмет көрсетіп жатқан «Достық» дүкені, «Достық» ТҚС-сы және «Достық» шаруа қожалығы атына сай достықты ту ұстап, бір мақсат пен бірлікте, бір-біріне деген жылулық пен сенімде істі дамытуда. Қазақстанда көп ұлттың өкілдері мекен етеді. Жібек жолында да талай ұлт өкілдері тұрып жатыр. Достықтың мәнін де мағынасын да олар біледі, - деген еді Жабай Тұрсынханұлының анасы Гүлфия апамыз. Тағы бір сөзінде бес ұл мен қызымының қашан да бастары қосылып, жер қадірін біліп жүрсін деген оймен өткен марқұм жолдасым Тұрсынханның да аманатын арқалап отырмын ғой. Аманатқа қиянат жасауға болмайды. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бұрынғылар айтқандай шыныменен жасына жас қосылып, шашына ақ түсе бастағанда – ақ соңына қарап, не істедім, ұрпағыма нені аманаттаймын деп ойланады екенсің. Мені жолдасым Тұрсынхан оныншы сыныпты аяқтаған кезімде ұрлап кеткен еді. Жаспын ғой. Бірақ сезім де, махаббат та, сыйластық та, түсіністік те болды. Сол бір кездері үйімізге ат басын тіреген Жұмабек аға (Жұмабек Тәшенев пен жолдасым Тұрсынхан ағайындастар. Алтай руынан, біздің әулет Тоқбурадан тараса, Тәшеневтер Ақбурадан тараған) келді. Маған батасын берді, жолдасыма қарады



Темір тұрпар мінгендер,
Әсер қадірін білгендер.

шығып, комсомолдық ұйымның хатшысы болған. Сол кездерде алғашқы болып комсомолға өткен қыздардың ішінде Алтынбекова Қайнекеш еді деп есіне алды. Ол кісі 85 жасында осы Жібек жолында тұрып, о дүниелік болды. Жатқан жері жарық болсын. Бабай ауылында «Қызыл киіз үй» ашқан, жастарды білім алуға тартқан, анасының қызыл атлас көйлегінен ұран жазып, киіз үйдің төбесіне қызыл туды да көтерген екен. Белсенді жастарды алға тартқан азамат. Күйгенжар ауылынан орыстар МТС ашыпты (машинно-тракторная станция). Қазақ балаларын техникаға қабілеті жоқ деп алмай қойғанда, басшыларымен сөйлесіп, 5-6 қазақ жігітін қостырған екен. Сол жігіттер кейінірек темір тұрпардың құлағында ойнаған білікті де әдісті механизаторлар болып шығыпты. Сол бір кезін ойлап біраз терең ойға шомылды сонда аға. Ауыр ой, мұң, неге деген сауал жүрек түкпірінде тұрды ғой маза бермей. Өтпеген-ай. Нардай қазақ ұлына тағдырдың ауыр жүгін арқалатып, қашан қайысады екен деп күтіп тұрған заман – ай. Алайда аға өзінің өр тұлғасын бір сәтке де төмендетпеді. Қасқайып тұрған нар тұлғасы, ойлы сөзі, жалынды көзқарасы, мығым ісі есімнен кеткен емес. Әсіресе сол күні ағынан жарылып: елімді сағындым, жерімді сағындым. Бала кездегі Танақол мен Қарасудың қара балығы – ай! Көлдегі қаз-үйрегі-ай! Белден асқан жұпар иісті шүйгін шөбі-ай! – деп кең дем алып, ілезде, мен өкінбеймін. Жұмысымнан айырылсам да елімнің жерін сақтап қалуға ықпал болдым. Халық мені түсінеді, мені шын көңілдерімен қарсы алып жатады, сыйлайды. Бұл нағыз бақыт емес пе?, - деген еді. Міне, осындай ағамыздың өз иелігімізде жеріміздің қалыуына қосқан үлесін, салған жігерлі ісіне қалайша риза болмаймыз. Қалайша осы жерді құрметтеп, әрбір ұлтарактай жерінің қасиетін бағаламаймыз. Жердің иесі де киесі де болады. Бізге аманатталған жерімізді дұрыс пайдалануымыз керек деген ақылыма құлақ салған балаларыма ризамын деді Гүлфия апай. Сол күні Жұмабек аға осы себетке толы шие алып келген екен. Шиесін сол жерде жеп қойғанымен осы уақытқа дейін «шие толы себет» атанған бұл ескінің көзі болып төрден орын алыпты.

Ал Гүлфия апамыздың балалары ата-бабаларының жерін қайтадан мал мен астыққа толтырып, балаларын да жер қойнауында еңбек етуге баулып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін ата кәсіптің барлығына да береке боларына үлкен сеніммен еңбек етуде. Ынтымақ пен бірлік бар жерде береке бар. Өңіріміз өңді болуы үшін, көңіліміз бен ісіміз мәнді болсын қарағым деген ананың ақ тілегіне әріне балалары да немерелері де құлақ асары анық. Қазіргі таңда 13 немере мен төрт шөберенің қызығын қызықтап отырған Гүлфия апамызға Елбасының «Отбасылық кәсіпті дамыту қоғамдағы үлкен мақсат» деген тапсырмасына орай, балаларына бағыт-бағдар беріп, ақыл-кеңесші болып отырғаны үшін алғыс білдіреміз. Немерелерінің ер жетіп қалғандары қашан да әкелерімен бірге егіндік алқабында жұмыс жасап, нанның қалай дастарханға келіп түсер жолындағы ауыр еңбекті көздерімен көріп, қолдарымен жасап, бойларында жерге деген махаббатты сіңіріп өсіп келеді.

«Достық» шаруа қожалығының атына заты сай құшағы кең жайылған, жерінен астық төгілген, малдарынан жер қайысқан мықты шаруашылық болуына тілек білдіреміз.

М. АЖЫҚАНОВА.

Суретте: «Достық» шаруа қожалығы қасиетті Қарасуды жандандырды.



Біздің өнерлілер!

АПАЛЫ-СІҢЛІЛІ ЛАУРЕАТТАР



Көкшетау қаласында Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жылдығына орайластырылған облыстық байқау өтті. Біздің ауданнан Жібек жолы ауылдық округінің апалы-сіңлілі Дильмандар дуэты қатысты. Олардың жетекшілері Нұрлан Рустемов. Облыстың барлық аудандарынан және Көкшетау қаласының оқу мекемелерінен 40 қатысушылар сайысқа түсті. Финалға 16-ы ғана өтті. Олардың ішінде алты қатысушы ғана Абай өлеңдерін орындаған еді.

Біздің қыздарымыз Наташа мен Кристина «Көзімнің қарасы» және «Желсіз түнде жарық ай» әндерін тамаша орындап, лауреат атанды. Жүлделі орын ешкімге де бұйырмады. Облыстық байқаудың гала-концертін біздің қыздарымыз «Көзімнің қарасы» әнін орындап ашты. Құттықтаймыз! Сахна төрінде бұдан да биікке жете беріңдер.



Қазақ хандығына – 550 жыл

ЕРЛІКТІҢ БАСТАУЫ - ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Егемен ел болғалы бергі уақытқа көз жіберсек көңіліміз толып, кеуде кернер қуанышты да маңызды істердің қуасі болғандығымызға мақтана да, шаттана да алатынымыз ақиқат. Өйткені, олар болашақ армандардың жүзеге асуының бастауы.

Тәуелсіздік жеңісінің жемісі ел игілігіне айналып, қарқынды даму жолындағы үлкен өзгерістер қазақ елінің әлемге танылуына жол ашты. Ауыз толтырып айтар, ел мәртебесін көтерер жаңалықтарға толы жылдардың жарқын беттері жалғасын табуда.

Соның бір айшықты беті – биылғы жылдың еліміздің тарихындағы, халқымыздың тағдырындағы алатын орны ерекше. Биыл біздің мемлекетіміздің, яғни Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл. Өткен аптада Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай №3 Аршалы орта мектебінде «**Ұлт тарихы - ұлы тарих**» атты тарихи кеш ұйымдастырылды. Басты мақсат – қазақ хандығы мен қазақ халқының тарихын, еліміздің өркендеуі мен нығаюына үлес қосқан тарихи тұлғаларды оқушылар арасында кеңінен насихаттау. Бұған тарих пәнінің мұғалімдері Маржан Абдумуталапқызы және Мадина Мұратқызы оқушыларды қазақ хандығының құрылу тарихымен слайд шоу, бейнеклип арқылы таныстырып, қазақ халқының басын қосудағы Жәнібек пен Керейдің сіңірген еңбегін жан-жақты талдап, тарихи деректерді молынан келтірді. «Батыр баба ұрпағымыз бүгінде, бойында қан, от ойнаған жүзінде, осы күнге жеткізу үшін біздерді, үйде туып, түзде өлген тегінде» дей отырып, тарихи кешті әдеби-музыкалық бағытта жалғастырған келесі сөзді мектеп оқушыларына берді. Тарихи кешті Серіков Саятбек "Қазағым" әнімен жалғастырды. Жиналған көрермендеріміз оқушылардың қойған "Керей мен Жәнібек", «Абылай хан» көрінісін тамашалады. «Қазақ хандығы» мен ер кезеңдерде ел басқарған хандар туралы, олардың ел біріктірудегі еңбегін саралаған. «АйДанАру» триосы ерекше даусымен тыңдарманды тәнті етіп "Сүгірдің термесі" әнін орындап өз өнерімен бөлісті. Кеште Жұмақан Ерасыл «Жаса, Қазақстан», Токтар мен Әділет «Ұландар» әнін шырқап тыңдарманның көңілінен шықты.



Оқушылар қойылымнан көп нәрсе ұғып, тәлім - тәрбие алды. Елбасы айтқандай, біздің тарихымыз кеше басталған жоқ. Тамыры, түбі тереңде жатыр. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің бірі қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білудің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықпалының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қауымдастықтағы беделінің өсуіне қызмет міндеттіміз парыздармыз. Қорытынды сөз кезегін мектебіміздің директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары Акнұр Арысбайқызы: «Қазақ хандығының құрылуына 550 жыл толуына орай сахналық қойылым ұнады. Алдағы уақытта халқымыздың атаулы мейрелісі Қазақ хандығының құрылуына 550 жыл толу қарсаңында еліміздің әр жерлерінде іс-шаралар өтіп жатқандығын, ұйымдастырылған кеш өз мақсатына жетті, өз деңгейінде өтті деп бағасын берді». Осындай әсерлі тарихи кешті ұйымдастыра білген тарих пәнінің мұғалімдері Маржан Абдумуталапқызы мен Мадина Мұратқызына алғысымыз шексіз. Ендеше әрқашан да әрқайсымыздың кішкене отбасымыздан басталатын кең-байтақ ұлы Отанымыздың көк аспанымызбен асқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін! Еліміздің керегесі берік, шаңырағы биік, қуанышты күндеріміз қашанда көп болсын!

Р. МАХАНОВ,
№3 Аршалы орта мектебінің мұғалімі.



Бағыштап құран аруаққа,
Жеріңе балам басыңды и!

да, оқуы керек. Білім басты ұстаным деді. Сол сөзден соң кешкі оқуға барып, ұстаздық жолға бастау алдым. Отыз бес жыл бала оқытып, міне зейнеткерлікте отырмын. Жолыма бағыт берген ағаға мың алғыс. Бүгінгі күні, яғни 20 наурызда ағамыз 100 жасқа келер еді. Жатқан жері торқа болсын. Қарасудың берекесі кірген сайын атамыз Ақшией мен Жұмабек ағаның ол жердегі іздері күш бергендей әсерде боламын. Олардың алдында ұрпақтарының еңбектеніп жатқанына қуанамын. Атбасарда тұрғанымызда Жұмабек аға бірнеше рет үйімізде қонақ болды. Бір келгенінде айы-күнім жақындап отырған едім, сәбидің аты Бекет болсын деп кетті. Сол кездері ат қоюда да көп мән бермейміз ғой. Бекет атасын деп болсын деп кеткен екен ғой көрген ағамыз. Сол бір жер таласындағы ерлікке пара-пар мығым ісі мен нақты сөзі үшін көп түрткіге ілінген Ж.А.Тәшеневтің үйімізге келіп кетуінің өзі шу болатын. Соның салдарынан жолдасым Тұрсынханның да жұмысында көп кедергілер болды. Бәріне де төтеп бердік. Елі міне қазір ерлікке балап, Жұмабектей азаматтың атын асқақтапты жатыр ғой. Қуанамын. Жылдар өткен сайын аға есімі биіктеп келеді. Жылдар демекші мына бір себеттің оқиғасын айтып берейін деп сөреде тұрған себетті көрсетті. Аз кем 45 жылдық тарихы бар екен. 1970 жылы Сарыағаш шипажайында дем алдым. Сол жерде Жұмабек ағаның зайыбы Бәтес жейгеймен кездестім. Сөйлесе келе екеуіміз де Алексеевка ауданынан бір ауылдан болып шықтық. Он жас үлкендігі бар екен. Бір күні шипажайға Жұмабек аға келіп, мені фаеге шақырды. Әңгімелесіп отырып маған: Келін, мұғалімсің ғой, елге барған соң айта жүрерсің», - деп өзінің өмір жолын баяндады. Балалық шағы Қарасу ауылында өткен екен. «ШКМ» (школа крестьянской молодежи) бастауыш 2-3 сыныпты оқыған, 13-15 жасында мұғалім болған. «Ликбез» деген оқу шығып, ауылдың балаларын, әсіресе қыз балаларды оқытуға ата-аналарының рұқсатын алу қиынға түскен екен. Қасына екі-үш көмекші алып ауылдарды аралап, бала жинаған екен. Бабай, Қойгелді, Күйгенжар, Береке, Қарасу, Танақолден және тағы бір ауылдардан жиналған оншақты балаға дәріс берген. Содан кейін комсомол деген

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады

РЕДАКТОР
М.А. АЖЫҚАНОВА.

Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Халықаралық және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.

Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табак. Тапсырыс №1 Индекс: 65815. Газет теріліп Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ басылады.